

УДК 687.141
МРНТИ 64.33.14

DOI <https://doi.org/10.48184/2304-568X-2023-4-5-13>

КӨКПАРҒА АРНАЛҒАН КИІМДІ ҚАУІПСІЗДІК ТҰРҒЫСЫНДА ЖОБАЛАУ

С.Ж. АСАНОВА , Н.Р. ФАЗЫЛБАЕВА* , К.Т. АЙТУЛЕНОВА ,
М.А. САДЫГУЛОВА , М.С. ЖАЙГУЛОВА 

(«Сымбат» дизайн және технология институты, АГЭУ,
Қазақстан, 050004, Алматы қ., Қонаев көш., 43)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: nuria@symbat.kz*

«Көкпар» – тарихы тереңнен басталатын, экстремалды ат спорты ойыны. Оның ерекшелігі – екі командаға бөлінген, атқа дұрыс шаба алатын жігіттер, жас шамасы мен салмақ категориясына қарамай ойынға қатыса алады. Көкпар ойыны көшпенділер мәдениетінде ерекше сипат алып, күні бүгінге дейін халық арасында ойналып келеді. Көкпар ойынында күрделі жарақат алу қаупі бар қозғалыстар көп, көкпар ойыншылары үнемі қозғалыста болады, жарақат алуы мүмкін қауіпті сәттері жиі болып тұрады. Ғылыми-зерттеу жұмыстың мақсаты – көкпаршылардың киімін қауіпсіздік тұрғысында терең жетілдіру. Осыған орай, бұл мақалада Көкпар спортындағы жарақат алуға тікелей әсер ететін қимылдардың түрі анықталды. Спорттық ойынның шарттары зерттелді, қолданыстағы киімнің негізгі кемшіліктері анықталды, көкпаршының басын жарақаттан сақтандыру мақсатында қорғаныс бас киім үлгісі дайындалды. Ғылыми-техникалық ақпараттар мен ғылыми еңбектерді талдау негізінде ойын ережелері зерттеліп, жарақат алу қаупі бар қимылдардың эргономикасы анықталды. Спорттық киімді конструкциялық жобалауда, ақпараттық технологиялардың танымалы САПР «Grafis» бағдарламасы қолданылды. Нәтижесінде көкпаршыларға арналған спорттық киімдердің ұтымды конструкциясы тұрғызылып, толық қорғаныс жинақ – тізе қап және бас киім дайындалды. Дайындалған бас киім мен тізе қап, көкпар-шыларды ат спорты ойыны барысында жарақат алудан қорғайды.

Негізгі сөздер: ат спорты, көкпаршы киімі, қауіпсіздік, жарақат, бас, тізе, материалдар пакеті, жобалау.

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЗАЩИТНОЙ ОДЕЖДЫ ДЛЯ КОКПАРА В ЦЕЛЯХ БЕЗОПАСНОСТИ

С.Ж. АСАНОВА, Н.Р. ФАЗЫЛБАЕВ, К.Т. АЙТУЛЕНОВА,
М.А. САДЫГУЛОВА, М.С. ЖАЙГУЛОВА

(Институт дизайна и технологии «Сымбат», АГЭУ, Қазақстан, 050004, г. Алматы, ул. Кунаева, 43)
Электронная почта автора корреспондента: nuria@symbat.kz *

«Кокпар» – это экстремальная конная игра с очень глубокой историей. Особенность игры в том, что джигиты, умеющие ездить верхом на лошади, и которые участвуют в игре, делятся на две команды, независимо от возраста и весовой категории. Игра «Кокпар» приобрела особый характер в культуре кочевников и распространена в народе по сей день. В игре «Кокпар» очень много движений с риском получить серьезную травму, игроки постоянно находятся в движении, часто возникают опасные моменты, которые могут привести к травме. Цель научно-исследовательской работы – совершенствование одежды кокпаристов с точки зрения безопасности. В связи с этим в данной статье определен тип движений, непосредственно влияющих на травматизм в игре. Изучены условия спортивной игры, выявлены основные недостатки действующей одежды, подготовлен защитный головной убор с целью предохранения головы игрока от травм. На основе анализа научно-технической информации и научных трудов были изучены правила игры, определена эргономика движений игроков, рассмотрена одежда, используемая в играх. Конструктивное проектирование спортивной одежды разрабатывалось с

использованием широко используемой автоматизированной программы САПР «Grafis». В результате была разработана рациональная конструкция спортивной одежды для игры в «Кокпар», изготовлен защитный комплект – наколенник и головной убор. Игра в «Кокпар» мобилизует молодежь для участия в национальных конных играх. Эта игра способствует тому, что джигиты становятся более активными и подтянутыми. В то же время приводит к ловкости во время верховой езды. Разработанный головной убор и наколенники защищают всадников от травм во время конных спортивных игр.

Ключевые слова: конный спорт, спортивная одежда, безопасность, травмы, голова, колени, пакет материалов, проектирование.

DESIGN OF PROTECTED CLOTHING FOR THE COCKPIT FOR SAFETY PURPOSES

S.ZH. ASANOVA, N.R. FAZYLBAEVA*, K.T. AITULENOVA, M.A.
SADYGULOVA, M.S. ZHAYGULOVA

(Symbat Institute of Design and Technology, ASUE, Kazakhstan, 050004, Almaty, Kunaev str., 43)
Corresponding author e-mail: nuria@symbat.kz*

Kokpar" is an extreme equestrian game with a very deep history. The peculiarity of the game is that the horsemen who can ride a horse, who participate in it, are divided into two teams, regardless of age and weight category. The game kokpar has acquired a special character in the culture of nomads and is widespread among the people to this day. There are a lot of movements in the game kokpar with the risk of serious injury, players are constantly on the move, dangerous moments often arise that can lead to injury. The purpose of the research work is to improve the clothing of the kokpar crew from the point of view of safety. In this regard, this article defines the type of movements that directly affect injuries in the game. The conditions of the sports game were studied, the main shortcomings of the current clothing were revealed, and a protective headdress was prepared to protect the player's head from injury. Based on the analysis of scientific and technical information and scientific works, the rules of the game were studied, the ergonomics of the players' movements were determined, and the clothes used in games were considered. The constructive design of sportswear was developed using the widely used automated CAD program "Grafis". As a result, a rational design of sportswear for playing "Kokpar" was developed, and a protective set was made – a knee pad and a headdress. The game of "Kokpar" mobilizes (engages) young people to participate in national equestrian games. This game contributes to the fact that the horsemen become more active and fit. At the same time, it leads to the dexterity of riding. Designed headgear and knee pads to protect riders from injury during equestrian sports games.

Keywords: equestrian sports, sportswear, safety, injuries, head, knees, package of materials, design.

Kipicne

Көкпар бүгінде мереке мен көпшілік ойын-сауықта бұқаралық ойындардың бірі болып келеді. Ойынның екі нұсқасы бар – ең көп таралғаны – ойынға көптеген шабандоздар қатысқан кезде, олардың әрқайсысы ұшаны өз бетінше меңгеру үшін күреседі. Келесі нұсқасы – дода-тартыс, жекпе-жек, шабандоз-дардың белгілі бір топтары арасында жүреді.

Бүгінде көкпардан халықаралық спорт федерациясы құрылып, оның құрамына облыс, республикалар мен қатар Қытай, Пәкістан, Түркия, тіпті Францияның өкілдері де кіреді. Көкпар Орта Азия, Қазақстан, Ауғанстан халықтары арасында да кең тараған ат ойындарының бірі.

Осы уақытқа дейінгі көкпарға қолданылып келген киімдер, оның беріктігіне, матасына және т.б. қасиеттеріне негізделіп келген. Дегенмен, көкпар ойыны ат үстінде жүргізі-

летін болғандықтан, көкпаршының денсаулығына әсер етуші киім қауіпсіздігі өзекті мәселелердің бірі, себебі көкпар тартуда басқа спорт түрі сияқты жас айырмашылығы мен салмағын ескермейді. Олардың ішінде бір ойында кәнігі көкпаршылармен қатар, жаңадан үйреніп жүрген жастар да болуы мүмкін. Осы тұрғыда жарақат алған кезде көкпаршыға қауіпсіз жағдай туғызу өзекті болып табылады.

Мақаланың мақсаты көкпаршылардың киімін қауіпсіздік тұрғыда жетілдіру көзделді және мынадай міндеттер қойылды:

- қолданыстағы киімнің негізгі кемшіліктерін анықтау;
- көкпаршының басын жарақаттан сақтандыру мақсатында қорғаныш бас киім үлгісін дайындау;
- көкпаршының тізесіне қорғаныш киімдерін дайындау;

- қорғаныш қасиеттеріне қойылатын талаптарға сай материалдарды іріктеу көзделді.

Алынған нәтижелерді өңдеу және процестерді модельдеу кезінде социологиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы болып көкпаршылардың қорғаныс жиынтығы – бас киімі және тізеқап болып табылады.

Практикалық маңызы – ойыншылардың қауіпсіздігін сақтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

«Көкпар» ойынының қазақша атауы ортақ түркілердің «көк бору» – боз қасқырдан (қаз. Көкбөрі) шыққан. Аңыздардың біріне сәйкес, қасқырлар қойды көтеріп, басын қасқырдың күшкітеріне апарып, онымен ойнайды. Халық оны төл ойыны (қасқыр) деп атай бастады, бірте-бірте «көк-бөрү» деген атау пайда болды [1].

Суретте (1-3 сурет) ойынның бір түрінде ешкінің ұшаны ұстап алып, оны қарсылас

команданың «қазандық» қақпасына лақтыруы көрсетілген.

Көкпар жай ғана ойын-сауық емес. Ол ер адамның жауынгерлік рухын шыңдайды, оның бойында байсалдылыққа, адалдыққа, әрине физикалық дағдыларға тәрбиелейді. Жастар ат үстінде күресу, оларды нағыз ұрыстың экстремалды жағдайында басқару тәжірибесіне ие етеді. Көкпар тарту жастарды ұлттық ат спорты ойындарына жұмылдырады. Бұл ойын ер жігіттердің қимылын ширақ етіп, шымыр болып өсуіне ықпал етеді. Сонымен бірге, ат үстінде ептілікке тәрбиелейді [2].

Көкпар ойнаудың ережелері қарапайым. Әр командада 12 адам, әр жақтан төрт ойыншы шығады, ойын барысында шабандоздар бірін-бірі ауыстырады. Өйткені шабандозға да, атқа да бірнеше минутқа төтеп беру қиын. Көкпарда ешкі ұшасын пайдаланады, өйткені ол тартуға төтеп береді [3].



Сурет 1 – Көкпар ойыны командамен Сурет 2 – Ұшаны қазандыққа апару Сурет 3 – Ұшаны жерден алу барысы

Ал соңғы жылдары бұл ойын қайта түлеп, халықаралық спорт түріне айналып, әлемдік аренаға шықты. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына АҚШ, Моңғолия, Қытай, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Түркия және басқа елдердің командалары қатысуда [3].

Көкпар ойынының ережелері жыл сайын толықтырылып, жетілдіріліп отырады. Әзірлеушілердің негізгі мақсаты – ойын кезінде ойыншылар мен аттардың жарақат алу санын азайту.

Бір ерекшелігі, көкпарда жас шектеуі жоқ. Денсаулығы рұқсат етсе, зейнеткерлік жастағы ер адам да кәсіби командада ойнай алады.

Ойыншылардың заманауи ережелері мен жабдықтары әрқашан қатысушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік бермейді.

Экстремалды спорт түрі болған-дықтан жарақат алу қаупі бар.

Ойын алаңының ортасына диаметрі алты метрлік шеңбер белгіленеді, оған жарыс басталар алдында ешкінің ұшасын қояды. Төрешінің белгісі бойынша топ капитандары жиналып, сәлемдеседі, тартыс басталады [4].

Соңғы жылдары елімізде экстремалды спорт түрлері мен ашық ауада спорт түрлерінің танымалдығы арта түсті. Қазіргі заманға тән экстремалды спорт түрлеріне футбол, хоккей, мотоцикл, бокс ж.б. қолданылып жүрген қорғаныш бас киімдер туралы мәліметтер қарастырылды.

Киім қорғаныс құралы ретінде жұмыс жағдайлары мен талаптарға сай болуы керек. Төменде солардың біразы көрсетілді (4-сурет):



Сурет 4 – Қорғаныс бас киімдері

1 - Боксшыларға арналған, 2 - Футбол қақпашысына арналған, 3 - Хоккейшілерге арналған, 4 - Мотоциклшыға арналған.

Артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау үшін ағымдағы ассортименттің жұмыс жағдайларын, қолданылатын материалдар мен тұтынушылар арасында экстремалды спортқа

арналған киім сапасына қойылатын талаптарды талдау қажеттілігі анықталды.

Экстремалды спорт түрлеріне арналған қорғаныс бас киімі айырмашылықтары 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Экстремалды спорт түрлеріне арналған қорғаныс бөлшегі тізе қаптың айырмашылықтары

№	Экстремалды спорт түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	2	3	4
1	Боксшыларға арналған қорғаныс бас киім	Боксшылар бас киімі спортшыны қарсылас соққысынан жақсы сақтайды.	Өте қалың, көзден соққы алуды сақтамайды.
2	Футбол қақпашысына арналған қорғаныс бас киім	Футбол қақпашысына арналған бас киім ыңғайлы, жеңіл.	Жерге құлау барысында жарақат алудан толық сақтамайды.
3	Хоккейшілерге арналған қорғаныс бас киім	Хоккейшілерге арналған бас киім бастың толық бөлігін соққыдан, құлаудан сақтайды.	Қозғалысқа ыңғайсыз, және мұзда ойнау барысында суықтан сақтамайды.
4	Мотоциклшыға арналған қорғаныс бас киім	Оған арналған бас киім толық бетті желден, жарақат алудан сақтайды.	Басқа келетін қауіптен толық сақтамайды. Киюуге ыңғайсыздау.

Көкпардан басқа экстремалды спорт түріне альпинизм, шаңғы, хоккей спорт түрлері де жатады (5-сурет).



Сурет 5 – Қорғаныс бөлшегі – тізе қап

1 – Хоккей қақпашысына арналған; 2 – Волейбол ойыншыларына арналған; 3 – Футбол ойыншыларына арналған; 4 – Альпинизмге арналған.

Әдеби дереккөздерді зерделеу, талдау экстремалды спорт туралы көп жазылғаны белгілі. Десек те, көкпаршыларға қауіпсіз киім жасау мәселелері аз қамтылғанын көрсетті. К.Е.Аманжолова [5,6], М.М. Алимбетова [7], Ж.У. Усенбеков және т.б. [8,9] өз жұмыс-

тарында көкпаршылар киіміне тозуға төзімді қасиет беруде, әртүрлі қосымша материалдарды қолдану жолдарын қарастырғандар.

Экстремалды спорт түрлеріне арналған киімдерді әзірлеуге арналған конструкциялық

шешімін тереңірек қауіпсіздік тұрғысында анықтау жұмыстың негізі болып табылады.

Дененің қай мүшесі жарақат алуға бейім екенін анықтау үшін, қимылдар эргономикасы жасалды (2 - ші кесте) (Комолова, 2016) [10].

Кесте 2 – Көкпар спортындағы жарақат алуға тікелей әсер ететін қимылдарының эргономикасы

№	Дене қозғалысы	Қозғалыстың жарақат алуға әсер ету сипаттамасы
1		Қарсылас топтың жылқысының балтырға соққысы
2		Ұшаны алу барысында шынтаққа жылқы соққысы
3		Ұшаны алу барысында баспен жерге құлау
4		Ұшаны алу барысында тіземен жерге құлау
5		Ұшаны алу барысында иықпен жерге құлау
6		Ұшаны алу барысында иықтан соққы алу

Қимылдар эргономикасы көкпаршының жарақат алуы балтыр мен баста басым екендігін көрсетті.

Ойыншылар мен жаттықтырушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы көкпар ойыншыларының киіміне қойылатын талаптар анықталды. "Көкпар ойыншысы - киім - ойын ортасы" жүйесін зерттегеннен кейін көкпар ойнау кезінде қолданылатын киімдер ойын қауіпсіздігіне сәйкес келмейтіні анықталды.

Көкпар ойыны үшін қосымша қорғаныс ретінде тізеқап және бас киім әзірлеу қажеттілігі анықталды. Сауалнамалық зерттеу барысында көкпаршылар қазіргі қолданыста жүрген киімдерінің жарақатты мейлінше сақтайтынына 50/50 %-ға ғана сенеді. Ойыншылардың өздерінің жарақатты көбіне аяқтарынан (балтырдан, тізеден және тобықтан) алатының, бастан соққы көп тиетіндерін атап өтті (1-ші диаграмма).

Ойыншылардың жарақат алуы




Диаграмма 1 – Ойыншылардың жарақат алу көрсеткіші

Көп ойыншылар киімдеріне қорғаныс ретінде аяқтарына және басқа көп назар аударып қорғанысты осы айтылған жерлерге

күшейтуді сұрады. Аяқтан жарақатты жылқы үстінде қарсылас топ жылқысы балтырдан соққы жасағанда және ешкі ұшасын алу мақса-

тында жерге құлағанда алатындарын айтты. Қолданылған киім ойыншыларды жарақаттан қорғауды қамтамасыз етпейтінін анықтауға көмектесті, яғни материалдардың қорғаныс және пайдалану қасиеттері ойын жағдайларына сәйкес келгенімен, қорғаныс ретінде әлі де зерттеп жетілдіруді көрсетті. Көкпар ойыншыларына арналған киімді жарақаттан сақтауды тереңірек зерттеп, қосымша бұйымдарды қосуды талап етеді.

Көкпар ойыншыларына арналған спорттық киімге материалдарды таңдау үшін қолданылатын негізгі материалдар қарастырылды. Оларға қойылатын жалпы талаптар: киілгені жеңіл, ыңғайлы, денеге зиянды әсердің болмауы және ойыншылардың қозғалысына кедергі келтірмеуі маңызды.

Спорттық киім сапасы көрсеткіштерінің номенклатурасын әзірлеу кезінде мынадай топтар ескерілді: функционалдық, сенімділік, эстетикалық, эргономикалық, конструкторлық-технологиялық.

Поролон – серпімді полиуретанды көбіктің алғашқы сорттарының бірі, ауадан 90% тұратын жұмсақ полиуретанды көбік өнімдерге серпімділік беру үшін демпферлік материал ретінде кеңінен қолданылды, кейде электр оқшаулауында қолданылады. Поролон көкпар ойыншыларының соққы барысында серпімділік ету мақсатында қарастырылуда. Поролонның осы жұмыста негізгі рөлі – жарақаттан сақтау және жарақат алуға мейлінше төмен әсер ету. Поролон көкпаршыларға арналған қауіпсіздікке арналған қосымша бөлшектерге аралық материалы ретінде қолданылады [11].

Жасанды былғары – техникалық бұйымдар жасау үшін табиғи былғары орнына қолданылатын полимерлі материал. Жасанды былғары материалы тізе қаптың негізгі материалы болып саналады. Жасанды былғары шаң, тозанды сүртіп алуға ыңғайлы, және ылғалды сыртқы ортадан өткізбейді [12]. Жасанды теріні көкпаршыларға қауіпсіздікке арналған қосымша бөлшектерге сыртқы негізгі материал ретінде қолданылды.

Жасанды мех – ол тоқылған, табиғи және жасанды былғары негізінде тұрады, оған химиялық немесе табиғи тоқыма талшықтарынан, соның ішінде жануарлардан алынған талшықтардан, мысалы, қой жүнінен жасалған немесе әртүрлі тәсілдермен бекітіледі. Көкпаршыларға арналған қауіпсіздікке арналған қосымша бөлшектерге аралық материал ретінде қолданылады.

Мақта-мата – жоғары беріктігі бар әмбебап қасиеттерге ие, және де бұл материал ауа өткізгіш, су сіңіргіш болып келеді. Мақта-мата жұмыста астар материалы ретінде қолданылады.

Жүн барлық басқа талшықтармен салыстырғанда гигроскопиялық сипатқа ие. Жоғары ылғалдылық жағдайында жүн 40% ылғалды сіңіреді. Табиғи жүн мейлінше соққыға төзімді, және әсерін азайтады. Табиғи жүн аралас материал ретінде қолданылды.

Қатырма – әмбебап төсеу материалы, ол жабысқақ құрамы бар тоқылған негіз болып табылады және киімнің әртүрлі элементтеріне қаттылық беру үшін қолданылады. Осы материалмен қайталанған бөліктер ұзақ уақыт бойына пішінін сақтайды және жиі жуу кезінде де деформацияланбайды. Бұл мақсатта қатты қатырма материалы қолданылды, ол сыртқы ортадан тиген соққылардың әсерін азайтады.

Эргономика тұрғысынан көкпар ойынына арналған киімдерді жобалау екі тұрғыдан қарастырылды: түзету тәсілі және проективтік тәсіл. Түзету эргономикасының міндеті – жүйенің жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін "көкпар – киім ойыншыларының" эргономикалық жүйесінің кез-келген элементіне эргономикалық баға беру [13].

Көкпар ойыншыларының киімдерінің қауіпсіздік мақсатында қолданылатын қосымша бөлшек эргономикалық жүйелері оның барлық құрамдас бөліктерін күрделі функционалды тұтас ретінде қарастыруды талап етеді, онда жетекші рөл көкпар ойыншысына тиесілі. "Көкпар ойыншылары киім-ойын ортасы" жүйесін зерделеу оның құрамдас бөліктерінің әрқайсысы жұмыста тек оған ғана жасалған заңдарға бағынатындығын болжайды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Таңдалған тиімді материалдар пакетінен Көкпар ойыншыларына арналған қосымша бөлшектерінің (тізе қап және бас киімдерінің) үлгісін көркемдік – композициялық және конструктивті шешімі әзірленді.


Тізе қап және бас киім көкпаршылардың ойын барысында сыртқы ортадан алатын дене жарақатын алудан сақтап, ат үстінен құлау барысында жыру мен жарақат алуды сөйілтеді және гигиеналық функцияға сай рөл атқарады.

Талаптарға сәйкес бұйым киюге және шешуге ыңғайлы, және бірнеше өлшемге қысқартылып, үлкейтіледі. Үлкейтіліп-кішірейтуге қолданылған материал велкро арқылы құлау барысында немесе соққы барысында ешқандай денеге кері әсерін тигізбейді. Тізе қап

және бас киім тозуға төзімді, жарық пен су әсеріне, үйкеліске, созылу мен кию процесінде өз пішіні мен өлшемін сапалы сақтайды.

Ұсынылған көкпаршылардың қосымша қауіпсіздік бөлшектерінің жиынтығы (тізе қап және бас киімдерінің) сыртқы түрінің сипаттамасы:

Бас киім ерлерге арналған, маңдайды және құлақты толық айнала жауып тұратын, төбесі ашық, ауа өткізгіштігіне әсер ететін жеті тесігі бар. Артқы ортаңғы бойында велкро материалымен бекітіледі және ол үлкейтіп-кішірейтілетін рөл атқарады.



Сурет 6 – Көкпаршыларға арналған бас киімнің техникалық эскизі

«Grafis» жүйесінде модельді әзірлеу әдісі яғни, бұйымды үлгілеу үшін негізгі сызба дигитайзерге енгізілетіндігі немесе таңдалған құрастыру әдісінде салынған негізге сүйене отырып, модель құрастырылуын, конструктор таңдайды.

Жүйенің тағы бір ерекшелігі түпкі және туынды бөлшек параметрлерінің бір-бірімен жалғасып өңделуінде. Түпкі бөлшек ретінде барлық модельді сызықтары бар базалық негіз жатады, ал туынды бөлшектерге осыған тәуелді барлық бөлшектері кіреді [14].

САПР «Grafis» бағдарламасында БС-ны құруға кеткен уақыт, басқа бағдарламалармен салыстырғанда, уақытты үнемдейді. Бағдарламамен жұмыс жасауға ерлердің 170-90-102 өлшем бірлігі қолданылды. Өлшем бірлікте тізенің толық айналымы, бұйымның ұзындығы, балтырдың айналымы қолданылды.


Тұтынушылар талабын ескере отырып, динамикалық еркін қозғалысты қамтамасыз ету үшін және де тізеқап пакетін қамтамасыз ететін толық керекті қосымшалар қолданылды. «Grafis» жүйесінде үлгінің модельдік және базалық конструкциялық сызбасы тұрғызылды.

Қорытынды

Ғылыми-техникалық ақпараттар мен ғылыми еңбектерді талдау негізінде ойын ережелері зерттелді. Спорттың экстремалды түрлеріне арналған киімдерді ескере отырып,

Тізе қап ерлерге арналған, тізеден бастап тобыққа дейін. Тізені және балтырды сонымен қатар тобықты толық айнала жауып тұрады. Велькро материалымен артқы ортаңғы бойында екі жерден және тобық бөлігінде өкшені айнала бекітіледі. Артқы бойдың ортаңғы бойында орналасқан велькро үлкейтіп-кішірейтілетін рөл атқарады.

Көкпаршылардың қосымша қауіпсіздік бас киімінің және тізе қабының техникалық эскиздері 6,7 – суреттерде көрсетілген.



Сурет 7 – Көкпаршыларға арналған тізе қорғаныш киімінің техникалық эскизі

көкпар ойынына арналған киімдерді әзірлеу қаралды.

Спортшылардың көп жарақат алатын дене мүшелері сауалнама барысында анықталды.

Көкпар ойыны үшін қосымша қорғаныс ретінде тізеқап және бас киім әзірлеу қажеттілігі анықталды.

Көкпар ойынында ең күрделі жарақат алу қауіпі бар қозғалыстар анықталды. Соған орай толық Көкпар спортындағы жарақат алуға тікелей әсер ететін қимылдардың эргономикасы құрастырылды.

САПР «Grafis»-те көкпаршыларға арналған спорттық киімдердің ұтымды конструкциясы тұрғызылып толық қорғаныш бөлшегі тізе қап және бас киім әзірленді.

Көкпаршыларды жарақат алудан қорғайтын бас киім мен тізе қап өнеркәсіптік жиынтық үлгісіне ҚР Патенті алынды № 3737 [15].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ерғали С. Көкпар спортын жетілдіру тұжырымдамасы // [Электронды ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://adyrna.kz/post/63931>.

2. Турдиматов Д. Б. Воспитательная функция национальных казахских игр в жизни молодежи // Научный журнал «Молодой ученый». № 7 (111), 2016. – С. 712–714.

3. Казахский кокпар: игра настоящих мужчин // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://mir24.tv/articles/16354488/kokpar-igra-nastoyashchih-muzhchin>.

4. Алимбетова М.М. История развития казахского национального вида спорта – кокпар. // Материалы Республиканской научно-практической конференции студентов и молодых ученых «Молодежь и наука в современном мире». Талдыкорган, 2012. – С. 34–37.

5. Аманжолова К.Е. Требования к спортивной одежде для игры в Кокпар. // Материалы Республиканской научно-практической конференции студентов и молодых ученых «Молодежь и наука в современном мире». Талдыкорган, 2012 г. – С. 43–46.

6. Аманжолова К.Е. Формирование требования показателей качества к спортивной одежде кокпаристов. // Материалы международной научно-практической конференции «Инновационные технологии производства товаров, повышение качества и безопасности продукции легкой промышленности». – Алматы: АТУ, 2012. – С. 225–228.

7. Алимбетова М.М. Основные показатели, влияющие на надежность одежды для игры в Кокпар // Материалы международной научно-практической конференции «Инновационные технологии производства товаров, повышение качества и безопасности продукции легкой промышленности». – Алматы: АТУ, 2012. – С. 221–222.

8. Усенбеков Ж.У., Аманжолова К.Е., Алимбетова М.М. Некоторые аспекты разработки одежды для игрока Кокпар. // Материалы международной научно-практической конференции «Инновационные процессы в сфере образования, науки и искусства». – Алматы. 2013.– С. 7–12.

9. Усенбеков Ж.У., Алимбетова М.М. Оценка надежности спортивной одежды для игроков Кокпар. //Индустрия дизайна и технологии, Алматы. №2, 2013. – С.22-31

10. Комолова, Н.В. Комолова Самоучитель CorelDRAW X3 + CD / - М.: СПб: БХВ-Петербург, 2016. - 672 с.

11. Эберле Х. Материалы швейных изделий. – Астана: Фолиант, 2019. – 440 с.

12. Иванов В. А., Сазоненко В.Ю. Способ определения динамических свойств кожи при механических испытаниях//Разработка новых технологических процессов и материалов для текстильной и легкой промышленности. МТИ, М.,1989 С.12-13

13. Асанова С.Ж., Фазылбаева Н.Р. Эргономическая оценка качества спецодежды. //Материалы международной научно-практической конференции «Инновационные технологии: теория и практика». – Алматы, 2004.– С. 286–293.

14. Карленко А.П. Основы автоматизированного проектирования, Изд "Инфра-М", 2017 г. – 329 с.

15. Патент N 3737 Республики Казахстан, Защитный комплект для игры «Кокпар». №2022081.3: //Айтуленова К. Т., Жайгулова М. С., Фазылбаева Н. Р., РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности». Бюл. № 14 – 07.04.2023 г.

REFERENCES

1. Ergali S. Kokpar sportyn zhetildiru tyzhyrymdamasy [The concept of improving kokpar sports]. // [Elektronnyi resurs]. Rezhim dostupa: <https://adyrna.kz/post/63931>. (In Kazakh)

2. Turdimatov, D. B. (2016) Vospitatelnaya funktsiya natsionalnykh kazakhskikh igr v zhizni molodezhi [The educational function of the national Kazakh games in the life of young people]. Molodoi uchenyi, no 7 (111), pp.712–714. (In Russian)

3. Kazakhskii kokpar: igra nastoyashchikh muzhchin. [Kazakh kokpar: the game of real men]. // [Elektronnyi resurs]. Rezhim dostupa: <https://mir24.tv/articles/16354488/kokpar-igra-nastoyashchih-muzhchin>. (In Russian)

4. Alimbetova M.M. (2012) Istoriya razvitiya kazakhskogo natsionalnogo vida sporta – kokpar. [The history of the development of the Kazakh national sport – kokpar]. Materialy Respublikanskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii studentov i molodykh uchenykh «Molodezh i nauka v sovremennom mire». Taldykorgan, pp. 34–37. (In Russian)

5. Amanzholova K.E. (2012) Trebovaniya k sportivnoi odezhde dlya igrы v Kokpar. [Requirements for sportswear for playing in the Cockpit]. Materialy Respublikanskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii studentov i molodykh uchenykh «Molodezh i nauka v sovremennom mire». Taldykorgan, pp.43–46. (In Russian)

6. Amanzholova K.E. (2012) Formirovanie trebovaniy pokazatelei kachestva k sportivnoi odezhde kokparistov. [Formation of the requirements of quality indicators for sportswear of cockpar players]. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii «Innovatsionnye tekhnologii proizvodstva tovarov, povyshenie kachestva i bezopasnosti produktsii legkoi promyshlennosti». Almaty, pp.225–228. (In Russian)

7. Alimbetova M.M. (2012) Osnovnye pokazateli, vliyayushchie na nadezhnost odezhdy dlya igrы v Kokpar [The main indicators affecting the reliability of clothes for playing in the Cockpit]. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii «Innovatsionnye tekhnologii proizvodstva tovarov, povyshenie kachestva i bezopasnosti produktsii legkoi promyshlennosti». Almaty, pp.221–222. (In Russian)

8. Usenbekov Zh.U., Amanzholova K.E., Alimbetova M.M. (2013) Nekotorye aspekty razrabotki odezhdy dlya igroka Kokpar. [Some aspects of designing clothes for the Kokpar player]. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii «Innovatsionnye protsessy v sfere obrazovaniya, nauki i iskusstva». Almaty, pp. 7–12. (In Russian)

9. Usenbekov Zh.U., Alimbetova M.M. (2013) Otsenka nadezhnosti sportivnoi odezhdy dlya igrokov Kokpar. [Assessment of the reliability of sportswear for Kokpar players]. Industriya dizaina i tekhnologii, Almaty, no 2, pp.22-31. (In Russian)

10. Komolova, N.V. (2016) Komolova Samouchitel CorelDRAW X3 + CD [Komolova Tutorial CorelDRAW X3 + CD]. Moscow: BKhV-Peterburg. (In Russian)

11. Eberle Kh. (2019) Materialy shveinykh izdelii [Sewing materials]. Astana (In Russian)

12. Ivanov V.A., Sazonenko V.Yu. (1989) Sposob opredeleniya dinamicheskikh svoystv kozhi pri mekhanicheskikh ispytaniyakh [Method for determining the dynamic properties of the skin during mechanical tests] Razrabotka novykh tekhnologicheskikh protsessov i materialov dlya tekstilnoi i legkoi promyshlennosti. MTI, Moscow, pp.12-13. (In Russian)

13. Asanova S.Zh., Fazylybaeva N.R. (2004) Ergonomicheskaya otsenka kachestva spetsodezhdy.

cheskoi konferentsii «Innovatsionnye tekhnologii: teoriya i praktika». Almaty, pp.286–293. (In Russian)

14. Karlenko A.P. (2017) Osnovy avtomatizirovannogo proektirovaniya, [Fundamentals of computer-aided design]. Moscow (In Russian)

15. Patent № 3737 Respubliki Kazakhstan, Zashchitnyi komplekt dlya igry «Kokpar» [Protective kit for the game "Kokpar"]. Aitulenova K. T., Zhaigulova M. S., Fazylybaeva N. R., RGP

«Natsionalnyi institut intellektualnoi sobstvennosti», Byul. no14 (07.04.2023). (In Russian)

FTAXP 18.01.21

DOI <https://doi.org/10.48184/2304-568X-2023-4-13-18>

ЭТНИКАЛЫҚ СТИЛЬДЕ МАТЕРИАЛҒА ПРИНТ ТҮСІРУ АРҚЫЛЫ ӘЙЕЛДЕР ТОПТАМАСЫНЫҢ ЖОБАЛАУ ПРОЦЕСІН ӘЗІРЛЕУ

А.К. КУДАБАЕВА , А.Е. ЖҰМАБАЕВА 

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан,
080000, Тараз қ., Сүлеймен көш., 7)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: nurdaylet73@mail.ru*

Мақалада «принтті» қолдана отырып, этникалық стильдегі әйелдер көйлектерінің топтамасын жобалау процесінің құрылымдық үлгілерінің концепциясының нәтижелері келтірілген. Инновация дәстүр арқылы этникалық стильдің жаңа контекстінде ежелгі сәнді және мәдени бейнелерін қайта жаңғыртуға, өзгертуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаты "pret-a-porte" киім топтамаларын жобалау әдіснамасын ескере отырып, киімді жобалау процесінің принциптері мен құрылымын әзірлеу және ұлттық бағытта басып шығарылған түпнұсқа материалды әзірлеу болып табылады. Жұмыс заманауи жүйелік талдау теориясы мен әдістерін, жүйелеу және типтеу ғылыми принциптерін, дизайн типологиясының әдістерін, киімді көркемдік жобалаудағы теориялық және практикалық жетістіктерді және Corel Draw пен Adobe Photoshop компьютерлік бағдарламаларын қолдануға негізделген. Ұсынылған жұмыста қазіргі заманғы дизайн тұрғысынан қазақ ұлттық костюмінің көркемдік-бейнелік ерекшеліктерін пайдалану перспективасы қарастырылған. Зерттеудің құндылығы оның заманауи киімдерді жобалау саласындағы ғылыми тәсілдерге, дәстүрлі ұлттық костюм мен заманауи киімнің функцияларының бір мезгілде өзара әрекеттесуі арқылы ассортимент құрылымын кеңейту мүмкіндіктеріне сәйкес келетіндігінде, бұл тұтынушылық қасиеттері жоғары мүлдем жаңа дизайн шешімдерін жасауға әкеледі. Көркем бейненің қалыптасуы үлгінің пішіні мен архитектуралық есебінен және материалды жобалау есебінен жүреді, басып шығаруға арналған матаның купоны жұмыстың практикалық маңыздылығын білдіреді. Жұмыстың нәтижелері дизайнның инновациялық көркемдік және технологиялық әдістерін қолдану негізінде этностильде жасалған киімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Топтамаларын жобалау әдіснамасын ескере отырып, киімді жобалау процесінің принциптері мен құрылымын әзірлеу және ұлттық бағытта басып шығарылған түпнұсқа материалды дайындау болып табылады.

Негізгі сөздер: топтама, жобалау, принт, этностиль, ою-өрнек, ұлттық элементтері.

РАЗРАБОТКА ПРОЦЕССА ПРОЕКТИРОВАНИЯ ЖЕНСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ С ВЫПОЛНЕНИЕМ ПРИНТА МАТЕРИАЛА В ЭТНИЧЕСКОМ СТИЛЕ

А.К. КУДАБАЕВА, А.Е. ЖҰМАБАЕВА

(М.Х. Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Казахстан, 080000,
г. Тараз, ул. Сулейменова 7)

Электронная почта автора корреспондента: nurdaylet73@mail.ru

В статье представлены результаты разработки концепции структурной модели процесса проектирования женского костюма с использованием принта в этнографическом стиле. Инновация через традицию дает возможность возвращения, трансформации модных и культурных образов прошлого в